

Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданының 05-079-009, 05-079-013, 05-079-014, 05-079-015, 05-079-016, 05-079-017, 05-079-022 есеп кварталдары шекараларындағы жер учаскелері тұстамасындағы Ұлан өзенінің су қорғау аймағы мен су қорғау белдеуін және оларды шаруашылыққа пайдалану режимін белгілеу туралы

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2020 жылғы 2 маусымдағы № 178 қаулысы.
Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 15 маусымда № 7187 болып тіркелді

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 39, 116, 125, 145-1-баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабы 1-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, бекітілген жобалық құжаттама негізінде және су объектілерін тиісті санитарлық-гигиеналық және экологиялық талаптарға сәйкес күйде ұстау мақсатында, жер үсті суларының ластануын, қоқыстануы мен сарқылуын болғызбау, сондай-ақ өсімдіктер мен жануарлар дүниесін сақтау үшін, Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналар:

1) осы қаулыға қосымшаға сәйкес Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданының 05-079-009, 05-079-013, 05-079-014, 05-079-015, 05-079-016, 05-079-017, 05-079-022 есеп кварталдары шекараларындағы жер учаскелері тұстамасындағы Ұлан өзенінің су қорғау аймағы мен су қорғау белдеуі;

2) Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданының 05-079-009, 05-079-013, 05-079-014, 05-079-015, 05-079-016, 05-079-017, 05-079-022 есеп кварталдары шекараларындағы жер учаскелері тұстамасындағы Ұлан өзенінің су қорғау аймағы аумағында шаруашылыққа пайдаланудың арнайы режимі және су қорғау белдеуі аумағында шектеулі шаруашылық қызмет режимі белгіленсін.

2. Шығыс Қазақстан облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы бекітілген жобалық құжаттаманы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген құзыретіне сәйкес шаралар қабылдау үшін Ұлан ауданының әкіміне және мемлекеттік жер кадастрында есепке алу және су қоры мен жер ресурстарының пайдаланылуына және қорғалуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру үшін арнайы уәкілетті мемлекеттік органдарға тапсырсын.

"Айыртау" су қоймасы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі су қоймасы	0,88	42,331	500	1,1433	3,3	35
сол жақ жағалау	1,319	66,24	500	1,0783	3,6	35
Алебастр учаскесінде Ұлан өзеніндегі су қоймасы сол жақ жағалау	3,0446	130,003	300-500	3,1811	11,7	35
оң жақ жағалау	1,1035	80,472	500	1,8698	7,4	35

Ескертпе:

Су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулерінің шекаралары мен ені бекітілген жобалық құжаттаманың картографиялық материалында көрсетілген.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК